11 (12) сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырады:

1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) жазбаша емтихан – 2019 жылғы 28 мамыр;

2) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу – 2019 жылғы 31 мамыр;

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу - 2019 жылғы 31 мамыр;

4) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан - 2019 жылғы 4 маусым;

5) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2019 жылғы 7 маусым.

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау 2019 жылғы 10 - 30 маусым аралығында өткізіледі.

4. Жалпы орта білім беру ұйымдарының директорларына:

1) 2017 - 2018 оқу жылын осы бұйрықтың талаптарына, «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін;

2) 2018-2019 оқу жылының аяқталуы туралы құжаттары келесі кестеге сәйкес тапсырылсын (1 қосымша).

3) 2018-2019 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында іс-шаралар жоспары бекітілсін (2 қосымша).

5 Негізгі орта және жалпы орта білім беру курсының (кешкі мектептер үшін) емтихан материалдарын білім бөлімінің әдіскері Н.Марш алко 2019 жылғы 25 мамырынан кешіктірмей конверттеу арқылы мектептерге жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинетінің басшысы Д. Қуанышеваға жүктелсін.

**Білім бөлімінің басшысы** **Ж. Уаисов**